

Смағұлова Г.С.
**Мемлекеттік – жеке
меншік әріптестігін
дамытудың теориялық және
тәжірибелік аспектілері**

Соңғы жылдары бүкіл әлемде қызметтің әртүрлі сфераларындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тақырыбы барынша өзекті бола түсуде. Білік пен бизнестің ынтымақтастығының күшею үдерісі байқалып отыр. Алғашқы кезекте ол электроэнергетика, көлік, денсаулық сақтау, білім беру салаларында өріс алған болатын. Қазақстан экономикасының көптеген салалары мемлекеттік қолдауға қажеттілікті сезінген әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тақырыбы ерекше өзекті бола түсті. Осыны ескере отырып, берілген мақалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізгі белгілері айқындалған, Қазақстандағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің ұйымдық моделі зерттелген, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің жекелеген түрлері сипатталған, сонымен қатар мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың негізгі мәселелері айқындалып, оны Қазақстанда табысты қолдану үшін қажетті шаралар ұсынылған. Сонымен бірге мақалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізгі міндеттері мен әріптестік тараптардың әрқайсысының алатын негізгі тиімді жақтары көрсетілген, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары барынша тиімді жүзеге асырылатын әлеуметтік маңызды салалар анықталған.

Түйін сөздер: мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, қоғамдық маңызды жобалар, шығындарды қайта бөлу, тәуекелдерді бөлісу, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері, инфрақұрылым.

Smagulova G.S.
**Theoretical and practical aspects
of public-private partnerships**

In recent years, the theme of public-private partnerships in various areas is becoming more and more relevant in the world. There is a tendency to strengthen cooperation between business and government. This is especially evident in areas such as power generation, transport, health and education. Of particular relevance the topic of public-private partnership has acquired in the context of the global financial crisis, due to which many sectors of Kazakhstan's economy felt the need for government support. Therefore in this article the main features of public-private partnership, studied the organizational model of public-private partnership in Kazakhstan, characterized by certain types of public-private partnerships, as well as the main problems of public-private partnerships and suggested measures required for the successful the use of public-private partnership in Kazakhstan. The article also highlights the key challenges of public-private partnerships and the main benefits obtained from each side of the partnership as well as defined socially important areas in which the implementation of projects of public-private partnership is the most popular.

Key words: public-private partnerships, socially significant projects, the redistribution of costs, risk sharing, public-private partnerships and infrastructure.

Смағұлова Г.С.
**Теоретические и практические
аспекты развития
государственно-частного
партнерства**

В последние годы тема государственно-частного партнерства в различных сферах деятельности становится все более и более актуальной во всем мире. Наблюдается тенденция усиления сотрудничества власти и бизнеса. В первую очередь, это проявляется в таких сферах, как электроэнергетика, транспорт, здравоохранение, образование. Особую актуальность тема государственно-частного партнерства приобрела в условиях мирового финансового кризиса, в связи с которым многие отрасли казахстанской экономики почувствовали потребность в государственной поддержке. В связи с этим в настоящей статье выявлены основные признаки государственно-частного партнерства, исследованы организационная модель государственно-частного партнерства в Казахстане, охарактеризованы отдельные виды государственно-частного партнерства, а также основные проблемы развития государственно-частного партнерства и предложены меры, необходимые для успешного применения государственно-частного партнерства в Казахстане.

Ключевые слова: государственно-частное партнерство, общественно-значимые проекты, перераспределение затрат, разделение рисков, механизмы государственно-частного партнерства, инфраструктура.

**МЕМЛЕКЕТТІК-
ЖЕКЕМЕНШІК
ӘРІПТЕСТІГІН
ДАМУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ТӘЖІРИБЕЛІК
АСПЕКТІЛЕРІ**

Қазіргі таңда аралас экономиканың қалыпты іс-әрекет етуінің басты шарттарының бірі бизнес пен мемлекеттік құрылымдардың тиімді өзара әрекеттестігі болып табылады. Мұндай өзара әрекеттестіктің сипаты, әдістері мен формалары нарықтық қатынастардың жетілу дәрежесіне және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сонымен бір мезгілде мемлекет жалпы ұлттық мүдделерге байланысты әлеуметтік жауапкершілік функцияларын атқаруын тоқтатпайды, ал бизнес қоғамдық байлықтың дамуы мен өсуінің қайнар көзі болып қала береді. Соңғы онжылдықтарда бірқатар дамыған және дамушы елдердің экономикаларында мемлекет пен бизнестің мемлекеттік-жекеменшік әріптестік түріндегі өзара әрекеттестігі қалыптасып, даму үстінде.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік инфрақұрылымдық мәселелерді шешудің, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы алшақтықты қысқартудың негізі, экономикалық жаңартудың басты институты ретінде қарастырылады. Соңғы жылдары Қазақстан экономикасына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік формаларын енгізу мәселесі әртүрлі деңгейде алға қойылып келеді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту барысында оның теориялық және тәжірибелік аспектілерін зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Ғаламдандудың қазіргі кезеңінде, халықаралық шаруашылық-қаржылық байланыстардың күшеюі жағдайында табиғи монополиялардың белгісіне ие салаларды қаржыландыру үшін шетелдік жеке капиталды пайдалануға деген қажеттілік туындады. Өндірісті қамтамасыз етуге бағытталған мұндай салалардың даму дәрежесі шаруашылықтың қалған сфераларының инвестициялық белсенділігіне және әлемдік нарықтағы елдің бәсекеге қабілеттілігіне ықпалын тигізеді.

Дамыған елдердің жалпы ішкі өнімі мен жұмыспен қамтылғандардың 2/3-і, еуропалық активтердің 80 % – ы тиесілі болып табылатын қоғамдық қызмет салаларының жұмысын ұйымдастыру соңғы жылдары мемлекеттік басқарудың дәстүрлі түріне қарағанда, нарықтық қағидаттарға негізделген жағдайда тиімді болып отыр. Континенталдық және англосаксондық модельдерді салыстырсақ, мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесіне басымдық берілген англосаксондық модель қоғамдық

қызметтерге жұмсалатын шығындарды қысқартуға бағытталып, коммерциялық бастамаларға негізделген. Мұндағы тиімді құрал мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі (МЖӘ) болып табылады.

МЖӘ – аралас экономиканың элементі. Ресей сарапшысы В.Варнавскийдің пікірінше, МЖӘ – өнеркәсіп салалары мен ҒЗТҚЖ, қызмет көрсету сферасындағы қоғамдық маңызды жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мемлекет пен бизнес арасындағы институционалдық және ұйымдастырушылық альянс [1]. Демек, МЖӘ – қоғам мүддесін ескере отырып, әр тараптың ресурстары мен тәжірибелерін біріктіру арқылы маңызды жобаларды барынша аз шығындармен және тәуекелмен іске асыру, сонымен қатар ол сапалы жаңа деңгейдегі тиімді инвестиция тартудың тәсілі болып табылады.

МЖӘ – мемлекеттік меншікті нарықтық қатынастар жүйесіне барынша бейімдеу мақсатында оны реформалауға бағытталған, яғни, стратегиялық маңызға ие мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірудің баламасы. Қазіргі кезеңде МЖӘ көбінесе ішкі және сыртқы инвесторлардың арасындағы келісімді өзара қарым-қатынасты білдіреді.

Халықаралық қаржы нарықтары және онымен байланысты әлем экономикасындағы жағымсыз өзгерістер ұлттық экономиканың тұрақтылығын қолдайтын және оның дамуын қамтамасыз ететін мемлекет құрған тетіктердің маңыздылығын айқындап отыр. Экономиканың осындай жағымсыз өзгерістерге ұшыраған кезеңінде мемлекет пен жеке бизнестің өзара тығыз ынтымақтастық жүргізу қажеттілігі арта түсуде.

Қазақстан экономикасының тұрақтылығын және оның одан арғы дамуын қолдау үшін аса маңызды жағдай тиімді өндірістік және көліктік инфрақұрылым дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Ал осы аталған өндірістік және көліктік инфрақұрылымдар, өз кезегінде, аймақтық дамудың серпінділігін арттырады, экономикалық өсуді қарқындатуға және әр тараптандыруға негіз болады және еліміздегі іскери белсенділікті ынталандыра түседі. Олай болса, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, жобаларды басқару, сондай-ақ жалпы экономикалық мақсаттарға жету мен көкейкесті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу секілді мақсаттарға жетуге бағытталған мемлекеттік және жекеменшік сектордың ынтымақтастық жүйесі болып табылады. Мемлекеттік – жекеменшік әріптестік тетіктері тарапынан инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысында

мемлекеттік сектор жеке секторға мемлекеттік қызмет көрсету, мемлекеттік меншіктегі нысандарды пайдалану немесе құру құқығын және жеке инвесторлардың қаражатын пайдалана отырып, жаңа инфрақұрылымдық нысандар салуға немесе қолданыстағы инфрақұрылымдарды жаңартуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің механизмі әлемнің көптеген елдерінде кеңінен тараған. Әрине, Қазақстан да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. 2006 жылдан бастап елімізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік серпінді дами бастады. Соңғы жылдары осы саладағы құқықтық қатынастарды реттейтін «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының, концессия мәселелері жөніндегі маманданған ұйым құру туралы Үкімет қаулысы, 2015 жылдың 31 қазанындағы №379-V Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» Заңы сынды нормативтік құжаттардың қабылдануы аталмыш әріптестік нысанын дамытуға мемлекеттің мүдделі болып отырғандығын айқындайды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі мемлекетке де, жеке секторға да тиімділік алуға мүмкіндік беретіндей ынтымақтастықтың нысаны болғандықтан, сонымен қатар шетелдік капиталдың қатысуымен құрылатын МЖӘ елдің әлемдік экономикаға интеграциялануына және қажетті тәжірибе мен озық технологияларды тартуына мүмкіндік беретіндіктен де әріптестіктің осындай заманауи нысанын дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған байланысты мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің теориялық астарын қарастыру негізінде оның Қазақстандағы даму барысы мен өзекті мәселелерін саралауға деген қажеттілік туындайды.

Қазақстанда қалыптасқан МЖӘ негізгі белгілеріне тоқталып өтейік:

– келісім-шарттық қатынастар (мемлекет пен жеке сектор арасында);

– әріптестік келісім-шарттар нақты объектілер үшін ғана жасалатындықтан, кеңістіктегі шектеулілік (мысалы, аэропорт, автомобиль жолдары немесе оның бөліктері, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері және т.б.)

– уақыт жағынан шектеулілік, өйткені, келісім-шарт белгілі бір уақыт мерзімі ішінде тұрғызылып немесе пайдалануға берілуі қажет нақты объектіге қатысты жасалынады.

Біз өз тарапымыздан, нарықтық экономикасы дамыған елдердің озық тәжірибесіне сүйене отырып, МЖӘ-нің мемлекет пен жеке бизнес қатынасының басқа түрлерінен оны ерекшеліп тұратын келесідей белгілерін атап өтеміз:

– әріптестік туралы келісімдер әдетте ұзақ мерзімге жасалынады (10-15 жылдан 20 жылға дейін, концессиялық келісімдерде 50 жыл мерзімге дейін). Жобалар белгіленген мерзімде аяқталуға тиісті нақты объектілерге (жолдар, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері және т.б.) қатысты құрылады;

– жобаларды қаржыландырудың ерекше нысаны: мемлекеттік қаржылық ресурстармен толықтырылған жеке инвестициялар есебінен немесе бірнеше қатысушының біріккен инвестициялауы;

– әрбір келісімшарт немесе концессия үшін бірнеше әлеуетті қатысушылардың арасында күресті туындататын, міндетті түрде бәсекелестік ортаның болуы;

– әріптестер арасында жауапкершілікті бөлудің ерекше нысаны: мемлекет қоғамдық мүдделер тұрғысынан жобаның мақсатын белгілейді және құндық, сапалық параметрлерін анықтайды, жобаны жүзеге асырудың мониторингін жүргізеді, ал жеке әріптес болса, жобаның әртүрлі сатыларындағы – жобаны жасау, қаржыландыру, құрылысын жүргізу, пайдалану, басқару, тұтынушыларға қызмет көрсету сияқты оперативтік қызметтерді орындайды;

– тараптардың келісімдерінің негізінде қатысушылар арасында тәуекелдердің бөлінуі.

Жалпы алғанда, әріптестіктің екі жағы да жобаның тиімді жүзеге асырылуына мүдделі. Жобаға әрбір қатысушы өзіндік үлесін қосады. Атап айтсақ, бизнес секторы жобаны қаржылық ресурстармен қамтамасыз ете отырып, кәсіби тәжірибе, тиімді басқару, шешім қабылдаудағы икемділік пен жылдамдық, жаңашылдыққа деген ұмтылыс тәрізді жобаның ұтымды жүзеге асуына мүмкіндік беретін әрекеттерді іске асырады. Нәтижесінде жұмыстың тиімді әдістері енгізіліп, техника мен технологиялар жетілдіріледі, өндірісті ұйымдастырудың жаңа нысандары туындайды, жаңа кәсіпорындар, оның ішінде шетелдік капитал мен құрылады, жабдықтаушылар мен мердігерлер арасында тиімді кооперациялық байланыстар қалыптасады. Еңбек нарығында, әдетте, жоғары білікті мамандарға деген сұраныс артады.

Мемлекет өз тарапынан меншік құқығын қамтамасыз етіп, салықтық және басқа да жеңілдіктер, кепілдемелер, сондай-ақ материалдық және қаржылық ресурстар ұсынады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінде мемлекет өзінің бақылау, реттеу, қоғамдық мүдделерді қорғау сияқты негізгі функцияларын орындауға мүмкіндік алады. Инфрақұрылым сферасында

МЖӨ-нің даму барысына қарай мемлекет өзінің қызметінде объектінің құрылысы мен оны пайдаланудың нақты мәселесімен айналысудан біртіндеп әкімшілік-бақылау функциясын орындауға көше бастайды. Кәсіпкерлік тәуекелдер бұл жағдайда бизнес тарапына көбірек жүктеледі. МЖӨ-нің қоғамдық маңыздылығы барынша сапалы қызметтердің тұтынушысы ретінде қоғамның алатын пайдасы болып табылады.

1-кесте – МЖӨ тараптары үшін артықшылықтар [1]

Мемлекеттік сектор	Жеке сектор
<ul style="list-style-type: none"> • экономиканы ынталандыру; • мемлекеттік меншікке қатысты басқарудың заманауи әдістерін енгізу және қолдану; • бақылаушы және реттеуші функцияларға жұмылу мүмкіндігі; • бюджет қаражатын жұмсау жүйесін оңтайландыру; • жобалардың жүзеге асу мерзімін қысқарту; • жаңа жұмыс орындарын құру есебінен жұмыссыздық деңгейін төмендету. 	<ul style="list-style-type: none"> • бизнесті ұзақ мерзімді және тұрақты дамыту мүмкіндігі; • мемлекеттік қолдау арқылы инновациялық әлеуетті жүзеге асыру; • қоғамдық ресурстар мен активтерге қолжетімділік; • ұзақ мерзімді келешекте кепілдендірілген қаржылық түсімдерді алу.

Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік түрінде көрініс табатын мемлекет пен бизнес өкілдерінің ынтымақтастығы көп жағдайда әлеуметтік маңызды сфераларда кеңінен таралған. Осыған байланысты Қазақстанда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келесідей негізгі салаларда өрістеп, дамуы керек:

- әлеуметтік инфрақұрылым;
- көлік инфрақұрылымы;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық.

Мемлекет пен жекеменшік әріптестігінің түрлі нысандарында жауапкершіліктер мен тәуекелдерді бөлудің өзіндік ұстанымдары бар. Тәуекелдерді бақылау – олардың пайда болған сәтінен бастап-ақ байқау дегенді білдіреді және оларды азайтатын, бақылайтын, белгілі бір сыйақыға оларды шешуді өз мойнына алатын тараптарды анықтайды. Мәселен, жобаның қымбаттау тәуекелі – бұл жеке бизнестік біржақты тәуекел. Жобаның өзінің құрылыс сапасы да осыған тең. Кейбір жағдайларда тұтыну тәуекелін төмендетуді мемлекет кепілдендіруі мүмкін. Сонымен қатар мемлекет келісімшарт тұрақтылығы тәуекелін де өз мойнына алады. Яғни тараптардың келісімімен ғана өзгерістер енгізілетін бола-

ды. Тараптардың ортақ жауапкершілік арқалайтын да тәуекелдері бар [2].

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, МЖӘ әрбір нысанының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар және оның қай нысанын таңдау мәселесі нақты жобаның көздеген мақсатына байланысты.

Жеке сектордың жобаға қатысуының маңызды шарты ретінде мүлікті иелену, пайдалану, мемлекет пен жеке сектор арасында жобаға инвестиция салу мен коммерциялық тәуекелдердің бөлінуін атап өтуге болады. 2-кестеде әртүрлі нысандағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестігіндегі жауапкершіліктердің бөліну сипаты көрсетілген. Кесте мәліметтерінен белгілі болып отырғандай, жобаның мерзімі ұзарған сайын же-

ке сектордың салатын инвестициялары да, сәйкесінше, коммерциялық тәуекелі де ұлғая түседі. Объектіні пайдалану мен техникалық қолдау жоба мерзіміне айтарлықтай тәуелді емес екендігін де кестедегі деректерден байқауға болады.

Әріптестік барысында тәуекелдердің туындауы, біріншіден, жабдықтау мерзімінің ұзарып кетуімен немесе қабылданған нормативтерді сақтамаумен байланысты туындайтын құрылыс тәуекелі. Мұндай тәуекелдердің басым бөлігін мемлекет өз мойнына алады. Екіншіден, талаптарды орындамау тәуекелі, әдетте бұл тәуекел жеке секторға жүктеледі. Үшіншіден, сұраныстың жеткілісіздігі немесе ауытқуы, оған жеке сектор ықпал ете алмайтындықтан тәуекелдің бұл түрін мемлекет өз жауапкершілігіне алады.

2-кесте – Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің әртүрлі нысандарында жауапкершіліктердің бөлінуі [3]

МЖӘ нысаны	Мүлікті иелену	Пайдалану және техникалық қолдау	Капиталдық инвестициялар	Коммерциялық тәуекел	Жоба мерзімі
Қызметтер көрсету бойынша келісімшарт	Мемлекет	Мемлекет және жеке сектор	Мемлекет	Мемлекет	1-2 жыл
Басқару мен ұстау бойынша келісімшарт	Мемлекет	Жеке сектор	Мемлекет	Мемлекет	3-5 жыл
Пайдалану мен ұстау бойынша келісімшарт	Мемлекет	Жеке сектор	Мемлекет	Мемлекет және жеке сектор	8-15 жыл
Жобалау, құрылысын жүргізу, қаржыландыру және пайдалану (оның ішінде концессиялар) бойынша келісімшарт	Мемлекет және жеке сектор	Жеке сектор	Жеке сектор	Жеке сектор	20-30 жыл
Құрылысын жүргізу, иелену және пайдалану бойынша келісімшарт (мемлекеттік сектордан алу)	Мемлекет және жеке сектор	Жеке сектор	Жеке сектор	Жеке сектор	анықталмаған

Бюджетке салмақ түсіруді төмендетудің маңызды құралы ретінде де МЖӘ-нің маңызы зор. МЖӘ тетіктері мемлекеттік бюджеттің белгілі бір қаржылай шектеуі болған мезеттерде жиі пайдаланылады. Сонымен қатар мемлекет үшін бұл – инфрақұрылымдардың жедел қарқынмен дамуын қамтамасыз ету, сапалы қызмет ұсыну, жеке секторды басқаруда тәжірибе тарту, заманауи технология және жеке сектормен тәуекелдерді бөлу. Сонымен қатар жеке секторға мемлекет жауапкершілігіндегі дәстүрлі саланы қаржыландыру және 20-30 жылдың ішінде тұрақты табыс көздерін алуға, әрине, мемлекетпен тәуекелді әрі жауапкершілікті бөле отырып, тұрақты, кепілді мүмкіндік беріледі. Өз кезегінде тұрғындар қолжетімді бағаға сапалы қызметтер

алатын болады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасын жүзеге асырудың шынайы шығындарын өте жақсы бағалауға мүмкіндік береді. Жоба құнының нақты әрі шынайы бағасы жеке компания үшін де қажет, бұл бағалау жоба құнының көтерілу тәуекелін біршама төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы МЖӘ даму барысына тоқталатын болсақ, бүгінгі таңда Қазақстанның МЖӘ құралдары ретінде қаржы институттары, арнайы экономикалық және индустриалдық аймақтар, венчурлық компаниялар және басқалар белсенді әрекет етуде. Аталған әрбір құрал бизнестің іріленуіне қолдау көрсетсе, Қазақстан экономикасы үшін артықшылығы бар бағыттарды дамытуға мүмкіндік жасап отыр.

Әлемді жайлаған қаржылық дағдарыстың салдарынан біршама елдерде бизнес жобалардың жүзеге асырылуы тоқтап немесе қаржыландыру көлемін қысқартуға мәжбүр болғаны белгілі. Бұл жағдай Қазақстандағы да екінші деңгейлі банктердің шетелдің салыстырмалы арзан несиелерін беру мүмкіндіктерін шектеп, айтарлықтай жобалар қаржы тапшылығын сезінгенімен, МЖӘ институттары мен құралдары белсенді жұмыс жасауда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында 2015 жылғы жағдай бойынша МЖӘ арқылы осы кезеңге дейін 6 жоба қолданысқа берілген: Қарағанды қаласындағы балабақшалар желісі, Ақтау қаласындағы халықаралық әуежай терминалы, «Ералиев-Құрық», «Шар- Өскемен», «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы» темір жол желілері мен Қандыағаш қаласындағы электростанция. Қалған 25 жоба келісімшарт жасасу, жобалау кезеңінде [4].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінгі таңда, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға әдетте сондай жобаларды қаржыландыру тәжірибесі, сондай-ақ халықаралық капитал нарықтарынан да, мемлекеттердің бюджеттерінен де қаражат тарту мүмкіндіктері бар халықаралық және ұлттық қаржы институттары бағытталған. Сондықтан Қазақстанның Даму Банкі сияқты мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті енгізу және дамыту тәжірибесі бар, сондай-ақ, экономиканың ұзақ мерзімді несиелеумен айналысатын жетекші қаржы институтының қаржылық қолдауы қажет болып табылады. Қазіргі кезеңде Қазақстанның

Даму Банкі Қазақстандағы алғашқы концессиялық жобалардың бірі болып саналатын Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы аймақаралық электр берілісі желісін салу және пайдалану жобасын қаржыландырып отыр.

Сонымен тұжырымдай келе, мемлекет пен жекеменшік әріптестігін дамыту негізінде капиталдардың әлемдік нарығына шығу үдерісі жеңілдейтіндігі, экономиканың нақты секторына шетелдік инвестиция тартуға үлкен мүмкіндіктер туатындығы айқындалды. Сондай-ақ МЖӘ-нің аймақтар экономикасы үшін маңызы да ерекше, өйткені, оның негізінде капиталдың, тауарлар мен қызметтердің жергілікті нарықтары қарқынды даму мүмкіндігіне ие болады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының жүзеге асырылуының сәттілігі нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуге, жоспарлау сапасына, тәуекелдерді бөлуге, бақылауға және мемлекет тарапынан біржолғы қолдауға байланысты. Сондықтан мемлекет пен жекеменшік әріптестігін дамытудың өзекті мәселелері ретінде келесілерді атап өтуге болады:

- инфрақұрылым дамуына жекеменшік инвестицияларды тарту;
- ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру тәжірибесі бар халықаралық және ұлттық қаржы институттарын әріптестікке тарту;
- осы саланың заңнамалық базасын жетілдіру жүйесін күшейту;
- әріптестік жобаларды мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру.

Әдебиеттер

- 1 Варнавский В. Г. Партнерство государства и частного сектора: формы, проекты, риски. – М.: Наука, 2005. – С. 28.
- 2 Смағұлов Б.С. Жолдау жүктеген міндеттер: Мемлекеттік-жеке әріптестік ТКШ жұмысын соңғы нәтижеге бағдарлауға мүмкіндік береді. //Агентство Казинформ. 16.06.2010.
- 3 Концепция развития государственно-частного партнерства в Республике Казахстан на 2009-2015 годы. – Астана, 2008.
- 4 Экономикалық дағдарыс кезеңіндегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің орны және жаңа мүмкіндіктер. <http://www.kt.kz>

References

- 1 Varnavskij V. G. Partnerstvo gosudarstva i chastnogo sektora: formy, proekty, riski. – M.: Nauka, 2005. S. 28.
- 2 Smagulov B.S. Zholdau zhuktegen mindetter: Memlekettik-zheke ariptestik TKSh zhумыsyn songy natizhege bagdarlauga mumkindik beredi. //Agentstvo Kazinform. 16.06.2010.
- 3 Konceptsiya razvitiya gosudarstvenno-chastnogo partnerstva v RespublikeKazahstan na 2009-2015 gody. – Astana, 2008.
- 4 Jekonomikalyk dagdarys kezeindegi memlekettik-zheke menshik ariptestiktin orny zhәне zhana mumkindikter. <http://www.kt.kz>